

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 473 Өкімі

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 4071 өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің дербес құрамына:

Дунаев - Қазақстан Республикасының Қаржы
Арман Ғалиасқарұлы министрі

Као Стефано - "Эни" компаниясының барлау және өндіру
жөніндегі бас өндірістік директоры

Сәйденов - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Әнуар Ғалимоллаұлы төрағасы

Хитч Джеймс - "Бейкер және Маккензи ТМД Лтд"
компаниясының басқарушы серіктесі

енгізілсін;

"Тиллерсон Рекс - "ЭксонМобил" корпорациясының аға
вице-президенті"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиллерсон Рекс - "ЭксонМобил" корпорациясының президенті
және басқарма мүшесі";

көрсетілген Кеңестің құрамынан: Гутброд Макс, Досаев Ерболат Асқарбекұлы,
Марченко Григорий Александрович шығарылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті